

132 мың баланы
қуатқан күн

10-бет

Қуатты
университет –
қуатты өңір

11-бет

Еурокубокке
қайта оралды

12-бет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары

Құрметті отандастар! Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері!

Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабына сәйкес VIII шақырылымдағы Парламенттің екінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар!
Баршаңызды кезекті сессияның ашылуымен құттықтаймын! Жауапты қызметтеріңізге табыс тілеймін!

Көктемдегі сайлаудан кейін Парламенттегі саяси партиялардың қатары көбейді. Депутаттар құрамы айтарлықтай өзгерді. Саяси партиялардың фракциялары, бір мандатты округтен сайланған депутаттар да жұмысқа белсене кірісті. Олар көптеген заң жобасына бастамашылық етіп, өзекті мәселелерді батыл көтере бастады.

Депутаттарымыз жазда да көп жұмыс атқарды. Небәрі екі айда 1 200-ден астам елді мекенді аралап, сайлаушылармен кездесті, тұрғындардың тыныс-тіршілігімен танысты.

Мен баршаңызға табысты қызметтеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Жаңа сессияда жұмыс қарқыны бұдан да жоғары болады деп ойлаймын.

Құрметті отандастар!

Баршаңызға мәлім, мен жыл сайын халыққа Жолдауымды Парламент сессиясының ашылуында жариялаймын. Бүгінде бұл жақсы дәстүрге айналды. Мұның айрықша мәні бар.

Себебі дәл осы сәтте және дәл осы жерде билік тармақтарының барлық



Суреттің авторы – А.ДҮЙСЕНБЕК, Е.УКІМБЕК

өкілі бас қосады. Алдағы ортамерзімді жұмыстың бағыт-бағдары айқындалады. Нақты тапсырмалар беріледі, жаңа міндеттер жүктеледі. Парламент, Үкімет және басқа да құзырлы органдар тың қарқынмен іске кіріседі. Бір

сөзбен айтсақ, мемлекеттік аппараттың үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі үшін бұл іс-шара өте маңызды.

Бүгінде менің бастамаларымның басым көпшілігі жүзеге асты. Бірқатар жұмыс жалғасып жатыр. Осы орайда халықтың

тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткім келеді.

Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа

жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық халық осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден аса денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

Мен нақты іске асқан шаралардың бір бөлігін ғана атап өттім. Шын мәнінде, көп жұмыс атқарылды, болашақта да өз жалғасын табады.

Өздеріңізге мәлім, былтырдан бері елімізде ауқымды саяси жаңғыру жұмыстары жүргізілді. Небәрі бір жарым жылдың ішінде көптеген өзгеріс жасалды. Оған баршаңыз куә болдыңыздар, реформаны жүзеге асыру үшін белсенді түрде жұмыс істедіңіздер.

Қолға алған шаралар нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-тендік орнады. Басқару жүйесі ықпалды Парламенті бар президенттік республика үлгісіне көшті. Елімізде «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы барынша орнықты. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын нақты іске асыруымыз қажет. Бұл жерде Парламенттің рөлі ерекше.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

Тәуелсіздік күнімен құттықтады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Шавкат Мирзиёевті және Өзбекстан халқын ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

«Біздің халықтарымыздың түпкі мүдделерін, ғасырлар бойғы достық және тату көршілік дәстүрлерін негізге ала отырып, қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігі мен одақтастығын одан әрі нығайтуға басымдық беремін. Біз ортақ күш-жігерді біріктіре отырып, бауырлас халықтарымыздың өркендеуі және Орталық Азияның тұрақтылығы мен игілігі үшін көпжақты ынтымақтастықтың орасан зор әлеуетін жүзеге асыра алатынымызға сенімдімін», деп жазылған жеделхатта.

Болашақ – білімді ұрпақтың қолында

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Instagram парақшасында ұстаздар мен оқушыларды Білім күнімен құттықтады.

Президент құттықтауында өскелең ұрпақ еліміздің ертеңі екеніне тоқталып, мемлекет жас өрендердің сапалы білім, тағылымды тәрбие алуы үшін барлық жағдайды жасайтынын атап өтті.

«Мектептің жаны – мұғалім» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, ұстаздың бала тәрбиесіндегі орны ерекше. Әр оқушының тұлға болып қалыптасуында мұғалімдер маңызды рөл атқарады. Сондықтан біз педагогтерді әрдайым қолдаймыз.

Қазақстанның болашағы – білімді ұрпақтың қолында! Олардың оқуда озат болып, қоғамның барлық саласында биік белестерді бағындыруына тілектеспін! Жастарымыз келешекте Отанымызға адал қызмет етіп, оның дамуына үлес қосатынына кәміл сенемін! Білім күні құтты болсын!», деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев.

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының жарлықтарымен: Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде басқару құрылымының өзгеруіне байланысты: Тимур Мұратұлы Сүлейменов Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары лауазымынан; Ержан Нұрланұлы Жиенбаев Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары лауазымынан; Аида Ғалымқызы Балаева Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары лауазымынан; Ержан Хозеұлы Қазыхан Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары – Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнаулы өкілі лауазымынан; Ернар Жәнісұлы Баспаев Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары лауазымынан; Руслан Сұлтанұлы Желдібай Қазақстан Республикасы Президентінің

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Ғ.Д. Нұрдәулетов туралы

Ғизат Дәуренбекұлы Нұрдәулетов Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті К.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 1 қыркүйек
№ 316

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Лауазымдарға тағайындау туралы

Тағайындалсын:

Руслан Сұлтанұлы Желдібай – Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелер және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі;

Ержан Хозеұлы Қазыхан – Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық мәселелер жөніндегі көмекшісі;

Ержан Нұрланұлы Жиенбаев – Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі.

Қазақстан Республикасының Президенті К.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 1 қыркүйек
№ 317

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және оның тиімділігін арттыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**
1. Мыналар:
1) Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі одан Қазақстан

Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігін бөліп шығару, оған су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді беру жолымен;

(Соңы 7-бетте)

Әкімшілігі Басшысының орынбасары – Президенттің Баспасөз хатшысы лауазымынан;

Өсет Өрентайұлы Исекешев Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі лауазымынан;

Қанатбек Бақытұлы Жайсаңбаев Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің менгерушісі лауазымынан босатылды.

Мемлекет басшысының өкімімен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде басқару құрылымының өзгеруіне байланысты: Әлтайыр Амангелдіұлы Ахметов Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік басқару бөлімінің менгерушісі лауазымынан; Ерлан Ысқақұлы Байтұқбаев Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі хатшылығының менгерушісі лауазымынан; Азамат Нұрланұлы Дүйсембеков Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Құқық қорғау жүйесі бөлімінің менгерушісі лауазымынан;

Рақымжан Серікбайұлы Ернар Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Стратегиялық жоспарлау бөлімінің менгерушісі лауазымынан босатылды.

Мемлекет басшысының өкімімен Ғабидолла Абдуллаұлы Оспанқұлов Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің менгерушісі лауазымынан босатылды.

Марат Кәрімжанұлы Қарабаев Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі лауазымынан босатылды; Дархан Қуандықұлы Қыдырәлі Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі лауазымынан босатылды; Асхат Раздықұлы Оралов Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі лауазымынан босатылды; Зулфия Болатқызы Сүлейменова Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі лауазымынан босатылды.

Буллингке қарсы жаңа бағдарлама қабылданады

Президент Жолдауынан білім саласына қатысты негізгі үш мәселені ойға түйдім. Олар: біріншіден, мектеп жасынан суды үнемдеу мәдениетін қалыптастыру, екіншіден, балалардың қаржылық сауатын арттыру, үшіншіден, білім ошақтарында қауіпсіздік пен жауапкершілікті күшейту.

Бұл бағыттарда, әрине, бұрыннан жұмыс жүргізіліп келеді. Алайда бұл жұмыстарды жаңа уақыт талаптарына сай жетілдіру керек. Мемлекет басшысы «Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз», деп атап өтті.

Кейінгі уақытта балалар арасындағы зорлық-зомбылық проблемасы қоғамды алаңдатып жүргенін білесіздер. Біз өз тарапымыздан буллинг жағдайын болдырмау үшін фин тәжірибесін зерттеп жатырмыз. Ол елде «Киви» деген бағдарлама қабылданған. Кейінгі он жылдың ішінде аталған бағдарламаның арқасында Финляндияда буллинг бірнеше есе төмендеген. Біз бұл тәжірибені өзіміздің

білім саласында қолдану жағын пысықтап, зерделеп жатырмыз.

Айта кетсек, бағдарлама мектеп әкімшілігі мен ата-ана арасындағы әріптестікті күшейту арқылы буллингке ұшыраған балаларды тығырықтан алып шығуға бағытталған. Оның ішінде мектептегі психологиялық жұмысты күшейту бағыты да бар. Бүгінгі таңда осы психологиялық жұмыстар бойынша да мектептерде нақты іс-шаралар өткізуді жоспарлап отырмыз. Оның ішінде педагог-психологтердің біліктілігін арттыру, олардың жұмыс істейтін бағдарламаларын жаңғырту, сонымен қатар әр өңірде психологтерге арналған орталықтар құру секілді бастамалар бар.

Ғани БЕЙСЕМБАЕВ,
Оқу-ағарту министрі



Ғылыми-технологиялық бастамаларды қолдау маңызды

Өркениеттің алтын қақпасы ғылымда екенін дамыған мемлекеттер дәлелдеп отыр. Қазақстан да осы көштің белді мүшесі ретінде ғылымның шырағын жағып, ғалымдарға ерекше көңіл бөліп келеді. Мұның бір дәлелі — Президенттің Жолдауда ғалымдарға үлкен жауапкершілік артуы.

Мемлекет басшысы: «Қазіргі ең басты міндет — еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет», деді. Ғалымдардың озық технологиялар идеяларын өндіріске енгізуге зор мүмкіндік туып отыр. Жалпы, Жолдаудағы әр бастаманы ғылыммен байланыстырып, тарқатып беруге болады.

Бүгінгі Жолдаудан кейін көптің көкейінде «Кейінгі бір жылда отандық ғылымда қандай өзгеріс болды?» деген сауал тұруы мүмкін. Соның ең бастысы — Мемлекет басшысының Ұлттық ғылым академиясына жаңа мәртебе беруі. Қазір академиямыз «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғам ретінде сәтімен жұмысты бастап кетті. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң жобасы әзірленіп, елімізде жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сай ғылымды әкімшілендірудің жаңа моделі енгізілмек. Ғылымды насихаттауға, ғылыми мамандарды даярлауға мемлекет тарапынан нақты қолдау көрсетіліп жатыр.

Академия ғылыми ойдың орталығы ретінде 2022 жылғы ғылыми зерттеу

жұмыстарының нәтижелерін қорытындылайтын ұлттық баяндаманы әзірлеуге кірісті. Сонымен қатар жақын болашақта елдің қай бағытта дамитынын айқындайтын форсайттық зерттеулер жүргізілді. Осы Жолдауда форсайттық зерттеулердің су қауіпсіздігі бағыты бойынша Мемлекет басшысы: «2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін», дей келе, «Су үнемдейтін технологияларды енгізу — аса маңызды және шұғыл міндет. Сондықтан тиімді тәсілдер ұсыну қажет. Шаруалар мен өнеркәсіп өкілдеріне суға қатысты сапалы сараптамалар мен болжамдар керек», деп нақты тапсырма берді. Аталған мәселе бұған дейін ғалымдар тарапынан айтылып, академия «Жасыл технология және су қауіпсіздігі» ғылыми бағытында форсайттық зерттеулерді бастап кеткенді. Бұл талдаулар — әр жылы және ортамерзімді кезеңде судың мөлшері қандай болатынын нақты айқындайтын зерттеу. Сонымен қатар осы бағытта білікті ғалымдар арасынан жұмыс тобы құрылып, өзекті мәселенің шешімі Үкіметке ұсынылды.

Академия 5 бағыт бойынша жасақталған бөлімшелерде отандық белді ғалымдар мен жас ғалымдардың жұмыс топтарын құрды. Онда нормативтік-құқықтық актілерге, заңнамаларға, ғылыми конкурстарға, отандық ғылымға қандай өзгеріс керек деген сұрақтар

талқыға салынып, шешімін табу жұмыстары жүргізіліп келеді. Мәселен, Мемлекет басшысының «Агроғылымды дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет. Шетелдің танымал агро-ғылыми орталықтарымен толыққанды ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық орнату керек. Біз жеке ғылыми-технологиялық бастамаларды қолдаймыз», деген сөзі арқылы ғылыми орталықтарға, ғалымдарға, бастамашы топтарға ерекше серпіп берді. Бұл мәселе бойынша академия аграрлық ғылым мен өндірісті байланыстыру мақсатында «Егінжай күні» далалық семинар-кеңесін өткізді. Іс-шараға 4 облыстың басшылары қатысып, ғалымдар дайындаған ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сұрыптарын өңірлерге енгізуде шаруа қожалықтарымен 40 келісімшартқа қол қойылды.

Жолдауда қазір дайындалып жатқан «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы ғылым мен инновация негізінде экономиканың даму логикасын көрсетуі маңызды екені айтылды. Одан өзге энергетика, газ, су, IT, әскер ғылымы, көлік және логистика бағыттарын да назардан тыс қалдырмады. Мемлекет басшысы цифрландыру және инновацияларды енгізу мәселелеріне ерекше көңіл бөлетінін айтып, Қазақстанда IT елге айналдыру керегін және ол стратегиялық міндет екеніне тоқталды. Әрі жасанды интеллектіні дамыту ісін Үкіметке тапсырды. «Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпіп береміз. Жетекші халықаралық

компаниялармен ынтымақтастық орнату керек. Білікті мамандар даярлауымыз қажет», дегені біраз жайдан хабар беріп тұр. Ғалымдарымыздың осы бағыттағы технологияларын өндіріске енгізуде Ұлттық ғылым академиясы арнайы жұмыс топтарын құрып, жан-жақты қолдау көрсетеді.

Ғылымның даму тұжырымдамасын құру мақсатында салалық академиялардың және ғылыми қауымдастықтардың басын қосып, дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Сондай-ақ елдегі айтары бар, жан-жақты білімді жас ғалымдарға ерекше көңіл бөлініп отыр. Алматы, Астана қалаларында басқосулар өткізіліп, ғылымдағы өзекті мәселелер және оны шешу жолдары ұсынылды. Білімді ұрпақтың ойын бір жерге топтастыру арқылы отандық ғылымның ілгерілеуіне серпіп беруді көздейміз. Ресми деректерге сүйенсек, елімізде 22 456 ғылыми қызметкер бар екен. Олардың 46 пайызы — 40 жасқа дейінгі жас ғалым. Академия елдегі және шетелде білім алып жатқан таланты жас ғалымдарды ғылыми ортаға тартып, ғылымды дамытудағы 10 басым бағыт бойынша отандық 1000-ға жуық және шетелде (Қытай, Корея, Жапония, Түркия және Еуропа елдерінде) ғылым қуып жүрген 100-ге тарта білікті жас ғалымның жұмыс тобын құрды. Бүгінде осы жұмыс топтарында жас ғалымдарға қатысты мәселелерді шешу, ғылыми әлеуетті біріздендіру бастамалары қолдау тауып отыр.

Ғылымды дамыту арқылы ел экономикасын айтарлықтай ілгерілетуге болады. Қазіргі таңда академия ғалымдар мен бизнес өкілдерін өзара

байланыстырып, инновацияларды енгізу және экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін жаңа мүмкіндіктер ашу мақсатында түрлі іс-шара ұйымдастырып отыр. Академия еліміздің әр өңірінен келіп түскен 200-ден астам ғылыми жобамен танысып, саралап үлгерді. Осы жобалардың 10-нан астамы Алматы қаласының мәселелерін шешуге арналғандықтан, әкімдік назарына ұсынылып, қала әкімінің тарапынан қолдау тапты. Гранттық және мақсатты нысаналы қаржыландырулардың нәтижелері бойынша өңірлер ғылымды алға бастырып келеді. Өндірістік сектордың қажеттілігіне бағытталған коммерцияланатын жаңа жобалардың өсуі мен дамуына барынша қолдау көрсетуіміз керек. Осы мақсатта қазіргі кезде академия делегациясы өңірлерді аралап, ғылыми ұйымдармен, өңірлік басқармалармен кездесіп, негізгі өзекті мәселелерді анықтап, оны шешу жолдарын әзірлеу үстінде.

Академия АҚШ, ҚХР, ГФР, Түркия, Болгария, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы сияқты елдермен жаһандық ғылымды дамытуға бағытталған ынтымақтастық жұмыстарын бастап кетті. Ғылыми дамыған елдермен байланыс әрі қарай жандана бермек. Аз уақыттың ішінде тағы басқа да ауыз толтырып айтатын жұмыстар жетерлік. Ең бастысы, Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін сапалы орындап, елдің игілігіне аянбай еңбек ету керек.

Күнсұлу ЗАКАРЬЯ,
Ұлттық ғылым академиясының президенті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

2) Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі оны: теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі; сауда мақсатында теңізде жүзу салаларындағы; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі; аэронавигация мен әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар; әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы қоғамдық маңызы бар нарықтар; автомобиль жолдары саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне; индустрия және индустриялық даму; өнеркәсіп; тау-кен металлургия кешені; елішілік құндылықты дамыту; машина жасау; көмір, химия, жеңіл (ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін қайта өңдеуден басқа), ағаш өңдеу және жиназ өнеркәсібі; құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру; машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі; салалық бағытқа сәйкес химиялық өнімнің қауіпсіздігі; өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісін және бағалы металдар мен асыл тастардың айналымын реттеу; құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары; зергерлік және басқа да бұйымдар; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс

істеуі және таратылуы; уран өндіруді қоспағанда, пайдалы қатты қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару; жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту салаларындағы; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі; тұрғын үй қатынастары; коммуналдық шаруашылық; елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су жылу, жылумен жабдықтау (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа) саласындағы мемлекеттік реттеу; тұрғын үй құрылысына әлестік қатысу; қорғаныс өнеркәсібі; бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізуге қатысу; әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру; мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне бөлу жолымен;

3) Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі оған Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінен мәдениет; тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану; кинематография; мемлекеттік рәміздер; архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету; электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер салаларындағы; ономастика; креативті индустриялар және шығармашылық

қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді бере отырып, оны Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі етіп қайта құру жолымен;

4) Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі оны Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органдар берілетін функциялар өкілеттіктерге сәйкес қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік органдардың құқықтары мен міндеттемелерінің құқық мирасқорлары болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік органдар мен оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың штат санын қайта бөлу;

2) осы Жарлықты іске асыру бойынша өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы №6 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

мына:

«Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі»;»

мына:

«Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;» деген жол алып тасталсын;

мына:

«Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі»;»

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі;

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі; Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі.»

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
К.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 1 қыркүйек
№ 318